

## ПІКІР

Динара Канатовна Джолданованың  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық  
құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
6D011900 Шет тілі: екі шетел тілі  
мамандығы бойынша

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен сәйкестігі**

Қазіргі уақытта болашақ педагогты жеке және кәсіби дамуға даярлау мәселесі маңызды болып отыр. Бұл қазіргі білім беру мен қоғам білім беру жүйесінің жаңа жағдайларына сәйкес өзгере алатын кәсіби білікті оқытушыны қажет ететіндігіне байланысты. Осыған байланысты болашақ мұғалімнің жеке және кәсіби қасиеттерін дамытудың шарттары мен тәсілдерін қарастыру қажет.

Қазақстан Республикасында үш тілде білім беру қағидаттарына сәйкес ағылшын тілін білу елдің әрбір азаматы үшін қажеттілік болып табылады, өйткені ол педагогтың жеке басының да, кәсіби өсуінің де мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазақстанда үш тілде білім беруді енгізу идеясы шет тілі саласындағы дағдыларды жетілдіру мен ананияларды тереңдетумен, сондай-ақ тілдерді білместен мүмкін болмайтын адамдар арасындағы өзара түсіністікті дамытумен байланысты. Өз кезегінде, шет тілдерін үйрену адамның жеке және кәсіби қабілеттерін дамытуға қажетті зияткерлік және танымдық қабілеттерін дамытуға оң әсер етеді.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін акмеологиялық күзіреттілікті дамыту ерекше мәнге ие, бұл диссертациялық жұмысты зерттеу пәні және болашақ мұғалімнің академиялық көшбасшылығын дамыту факторы болып табылады.

Болашақ шет тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігі деп зерттеуші болашақ шет тілдері мұғалімі тұлғасының кәсіби құзыреттілігін, оның пәндік және кәсіби құзыреттілігі мен академиялық көшбасшылық принциптерін интеграциялауға негізделген, өзін-өзі дамыту стратегиясын іске асыруға дайын болуға, шет тілін оқыту мәселелерін шешуге, яғни көптілді тұлғаны дамытуға бағытталған кәсіби қызметтің белсенді субъектіні қалыптастыру.

Осылайша, болашақ мұғалімнің жеке және кәсіби қасиеттерін дамытуға, оның академиялық көшбасшылығын дамытуға, сондай-ақ лингвистикалық білімді жақсартуға бағытталған зерттеу тақырыбының өзектілігі болашақ мұғалімдердің шет тілдерін қолдана отырып, болашақ Шет тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық күзіреттілігін қалыптастырудың дамыған моделін қолдануды көздейтін шет тілдік білім беру контекстінде



болашақ мұғалімдердің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту және қалыптастыру қажеттілігімен негізделген шет тілінде білім беру.

## **2. Диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер**

Диссертациялық зерттеуде қойылған зерттеу міндеттеріне сәйкес келесі ғылыми нәтижелер алынды:

1. Акмеологиялық құзыреттілікке байланысты негізгі ұғымдарға теориялық талдау жүргізілді және Қазақстандағы шеттілдік білім беру контексінде болашақ Шетел тілдері мұғалімдерінің «акмеологиялық құзыреттілігі» түсінігі нақтыланды, осы ұғымға авторлық анықтама берілді;

2. Болашақ педагогтың көшбасшылық қасиеттерінің (академиялық көшбасшылық) акмеологиялық құзыреттілікті дамытудағы рөлі негізделген;

3. Болашақ Шетел тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру моделі жасалды;

4. Шет тілдерін оқыту контексінде болашақ Шетел тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген моделінің тиімділігі эмпирикалық түрде тексерілді.

## **3. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (ғылыми бекітудің) және шығуының негізділік және анықтық дәрежесі**

**Бірінші нәтиженің дұрыстығы мен негізділігінің дәрежесі** ізденуші жүргізген жүйелеумен байланысты бірінші нәтиженің негізділігін анықтау ізденуші жүргізген "акмеология", "акмеологиялық құзыреттілік" және оның құрамдас бөліктері, "акмеологиялық көзқарас", "акмеологиялық орта", "акмеологиялық педагогикалық технологиялар" және отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулеріндегі басқа да ұғымдардың анықтамаларын жүйелеумен байланысты. бұл ұғымдардың мазмұны негізделген, зерттеу мәселесінің мақсатына негізделген және ғылыми-теориялық тұрғыдан мазмұнды сипаттама жасады.

**Екінші нәтиженің дұрыстығы мен негізділігі дәрежесі** студенттердің акмеологиялық құзыреттілігінің қалыптасуын анықтайтын болашақ Шетел тілдері мұғалімдерінің мүмкіндіктерін анықтайды, бұл олардың жеке және кәсіби өмірде нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыру арқылы академиялық көшбасшылықты дамытады.

**Үшінші нәтиженің сенімділігі мен негізділігінің дәрежесін** зерттеу мәселесі аясында құрылған модель болып табылады. Бұл модельде зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық ережелерін басшылыққа ала отырып, студенттердің шет тіліндегі білім беру контексінде акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын пайдалану механизмі қарастырылған. Әзірленген модельдің тиімділігі тәжірибе барысында расталды. Нәтижелерді тексеру үшін тақырыптық және статистикалық деректерді талдаудың тиісті әдістері қолданылды.



Төртінші нәтиженің дәйектілік және негізділік дәрежесі ізденуші әзірлеген оқу-әдістемелік құралмен, "көшбасшылық" клубының бағдарламасымен, "педагогикалық акмеология" курсы шеңберінде сынақтан өткен оқу-әдістемелік кешенмен айқындалады.

#### **4. Диссертацияда тұжырымдалған ізденушінің әрбір ғылыми нәтижесінің (ережесінің) жаңашылдық дәрежесі**

Бірінші нәтиже жаңа болып табылады, өйткені болашақ педагогтардың (Шет тілдері мұғалімдерінің) "акмеологиялық құзыреті" ұғымы алғаш рет Қазақстан Республикасының шет тілді білім беру контекстінде қаралып, нақтыланды.

Екінші нәтиженің ғылыми жаңалығы болашақ педагогтердің акмеологиялық құзыреттілігі болашақ Шетел тілдері мұғалімінің көшбасшылық қасиеттерін (академиялық көшбасшылық) қалыптастыру арнасында алғаш рет қарастырылатындығымен қамтамасыз етіледі.

Үшінші нәтиже - сөзсіз Жаңа, өйткені болашақ шет тілі мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың моделі алғаш рет жасалды, оны шет тілінде білім беру контекстінде қалыптастыру әдістері анықталды және ғылыми негізделген.

Төртінші нәтиже, жаңа нәтиже - "Лидерство" клубының бағдарламасы, Оқу-әдістемелік құрал, "Көшбасшылық" клубының бағдарламасы, студенттердің шет тілдік білім беру контекстінде акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру тәсілдерін қолдану жолдары мен тетіктерін анықтайтын оқу - методикалық кешен-зерттеу базасындағы тәжірибелік жұмыс барысында дәлелденген тиімділігі бар тәжірибеге енгізілген әзірлемелермен сипатталады.

#### **5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы**

Зерттеудің теориялық маңыздылығы шет тілдік білім беру контекстінде акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру процесінің теориялық негіздерін ашуда, оның педагогтің көшбасшылық қасиеттерін дамытудағы (академиялық көшбасшылық) ролінде жатыр, бұл тілдік білім берудің терминологиялық қорына "болашақ Шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыретілік ұғымын және онымен байланысты негізгі ұғымдарды енгізуге мүмкіндік берді.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік құрал мен "педагогикалық акмеология" оқу-әдістемелік кешенін әзірлеуден және "Көшбасшылық" клубының бағдарламасын құрастырудан тұрады.

#### **6. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелерін, нәтижелері мен қорытындыларын жариялау**

Ізденушінің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында 8 ғылыми еңбекте бар, оның ішінде Scopus базасына кіретін ғылыми басылымдарда - 1, ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған басылымдарда - 3, халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында - 3



жарияланған, одан бөлек «Педагогикалық акмеология» деп аталатын I оқу-әдістемелік құралы жарық көрді.

#### 7. Диссертация бойынша ескертулер, ұсыныстар

Диссертациялық жұмыста айтарлықтай кемшіліктер анықталған жоқ.

1. «Академиялық көшбасшылық» ұғымы мәселесі бойынша ғылыми еңбектерге талдауды күшейту ұсынылады;;

2. Авторға тараулар бойынша қорытындыларды күшейту ұсынылады;

3. Диссертацияда техникалық, тыныс белгілері, орфографиялық қателер бар.

Аталған ескертулер докторант Джолданова Д. К. орындаған ғылыми зерттеудің теориялық және практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді.

#### 8. Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптары шеңберіндегі диссертация мазмұнының сәйкестігі

Джолданова Динара Канатовнаның "Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыретілігін қалыптастыру, 6D011900 - Шет тілі; екі шет тілі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық зерттеуі ғылыми диссертацияларды орындауға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, логикалық тұрғыдан аяқталған дербес ғылыми зерттеу болып табылады.

Джолданова Д. К. 6D011900 - Шет тілі; екі шет тілі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

шет тілдер факультетінің деканы,

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Лингвистика және аударма теориясы

кафедрасының профессоры, Новосибирск мемлекеттік

педагогикалық университеті (Ресей)

жоғары кәсіби білім беру ісінің

құрметті қызметкері

(қол қойылған)

Е.А.Костина

МӨР: Ресей Федерациясы Білім министрлігі

Новосибирск мемлекеттік педагогикалық университеті

МӨРТАБАН: /қолы/. Костина Е.А.

Растанған Кеңсе меңгерушісі Н.В.Филиппова

*Орыс тілінен қазақ тіліне аударған Исманова Нурзипа Яхшиликовна*

*Исманова*

*Нурзипа  
Яхшиликовна*

*с*